



ӘОЖ: 378. 199 6

Тәңірбергенов Е.Р.

## ШЫГАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТИМДІ БАҒЫТТАРЫ

*В статье рассматриваются основные и эффективные направления профессионально-педагогической подготовки по творческим специальностям.*

*The article describes the main effective directions of professional-pedagogical preparation to creative specialties.*

Қазіргі таңда мамандандырылған дене мәдениеті жүйесі осы қоғамда өмір сүретін адамдардың денсаулығын нығайтумен қоса, жеке тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қасиеттердің жан-жақты жетілуіне барлық қызмет аясын бағыттаған әлеуметтік ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының бағытты даму жағдайында дене мәдениеті жүйесін жан-жақты жетілдірудің мүмкіндіктері кеңейді. Дамып келе жатқан қоғамның құрамдас белгілі бола отырып дене мәдениеті жүйесі жалпы халықтық кемелденген әлеуметтік жүйенін барлық белгілерін иемденген. Мәдениеттің дамуы, қоғамдық қатынастардың, адамдардың да жан-жақты дамып қалыптасуына әсерін тигізді. Сонымен бірге, адам баласы коршаған ортаға бейімделу арқылы тәрбиеленіп қана қоймай, табиғатты өзгертуге себепкер болды. Қоғамдық қатынастың саяси және экономикалық бағыт алуы дене мәдениетіне елеулі өзгерістер әкелді. Бұл жағдай спорт жүйесінің максаттары мен міндеттерін, пайдаланылатын құрал-жабдықтарын, колданылатын жаттығулары-ның түрлерін дамытуға ықпал жасады [1].

Барлық материалдық және рухани игіліктер қоғамның дене мәдениеті саласындағы қызметтінің нәтижесі туралы бағалауға көмектесетін, ұлттық мәдени дәстүрлер ғана болып қоймайды, сонымен қатар оны пайдалануға және колдануға итермелеп, нәтижесінде алдағы уақытта оны толықтырып отыруды қажет етеді. Материалдық және рухани игіліктер адамдардың қоғамдық ғылыми, сонымен бірге спорт саласындағы педагогикалық қызмет-тінде, ондіріс аясында жасалады. Сондықтан игіліктерді біріншіден, арнаулы ұйымдастырылған педагогикалық қызметте, екіншіден, тұрмыс жағдайында дене жаттығуларымен шұғылдану түрінде, үшіншіден көпшілік тұрғындарды кен ауқымда қамтитын баспасөз, радио, теледидар т.б. көпшілік ақпарат құралдары арқылы әртүрлі таралымдар түрінде пайдалануға болады [2].

Дене мәдениеті деген түсінікті ұғыну дене тәрбиелеу деген ұғымды білдіреді. Басқаша айтқанда дене мәдениеті халық мәдениетінің құрамдас негізделігі бір белгілі болып табылады. Дене мәдениеті, яғни денені тәрбиелеу адамның өзінін денесін дамытып, өзгерту жолындағы қызмет және осы бағыттағы жұмыс тәртібі деп ұғынуымыз қажет. Мұндағы материалдық игілік іс жүзінде дене тәрбиесі сабағы, шұғылдану сабактарын өткізетін әртүрлі спорт ғимараттары, арнаулы спорт ғимараттары мен құрал жабдықтар, спорт ұйымдарын, жеке спортшыларды қаржыландыру, дене тәрбиесі жүйесінің идеологиялық, ұйымдастырушылық және бағытын



қамтамасыз ететін әлеуметтік жетістіктерді айтады. Әрбір қоғам мүшесінің денесін шынықтыру жөніндегі игілікті шаралар, тұтастай алғанда, мемлекет деңгейінде қамтамасыз етілуі тиіс. Ал мектеп көлеміндегі шаралар халыққа білім беру мекемелері мен сауықтырумен шұғылданатын қызметкерлер үлесінде. Дене тәрбиесінің құрамдас бөлігі спорттық дайындық болып табылады. Спорт ұғымының екінші бір жағына токталатын болсақ, ол адамдардың дене қызметі үшін қоғамымыздың қалыптасқан материалдық және рухани байлықтарды игілігіне пайдалануы деп білеміз. Сонымен қатар, спорт түрлерінен өтетін жарыстар арқылы жоғары спорттық шеберлігі мүмкіндігін көрсету үшін, арнайы шапшан қарқын мен морфологиялық қызметін және психологиялық даярлығын айқындауды [3].

Спорттың қызмет аясы өте кен. Біріншіден, спорт өз алдына адамның тәрбиелік жағына он ықпалын тигізумен қатар, қоғам өміріне дайындаушылық міндеттерді де шеше отырып, қызмет етеді. Екіншіден, спорт өндірістік қызметке жатпайды және материалдық игіліктерді тікелей өндіруге байланысы жоқ.

Спорт адамды жан-жақты жетілдірудін тиімді құралы ретінде оны рухани және дене дайындығына тәрбиелеудің қозғаушы күші болып саналады. Спорт түрінен жоғары нәтижеге жеткен сайын спортшы тек дене, едістік және тәсілдік дайындығын ғана жетілдіріп қоймайды, сонымен қатар адамгершілік, өнегелілік, эстетикалық, ақыл-ой, енбек, отан сүйгіштік тәрбиелерін де алады. Сондықтан ЖОО спорттың адамды тәрбиелеудегі манызы өте зор [4].

Қазіргі заманғы өскелен өмір жағдайында спорт түрлерінен, оның ішінде жаттықтырушы мамандар даярлауда болашақ мамандар анатомия, физиология, биохимия, дене жаттығуларының биомеханикасы, спорт менеджменті, педагогика және психология сияқты қатарлас пәндер мен спорттық жаттығуды үйлестіруі тиіс. Негізінен спорттық қозғалыстың екі бағыты бар - жалпы көпшілік спорт және жоғары нәтижелер спорты. Жалпы көпшілік шұғылданатын бұқаралық спорт спорттық нәтижелері жоғары емес және көп адамның қатысу мүмкіндігі қатынасымен сипатталады. Бұқаралық спортта - спорттық нәтижелер арттырумен қатар елеулі орын мен уақыт сауықтыру міндеттерін шешуге, окудан, енбектен тыс бос уақытты тиімді ұйымдастыруға (үзілістік-сауықтыру спорты), сонымен бірге енбекке және корғаныс тәжірибесіне бөлінеді (көсіби колданбалы спорт). Сондықтан, бұқаралық спорт халықтың (жасөспірімдер мен ересек жас аралығында) дене тәрбиесінде және салауатты өмір бейнесін насиҳаттап, тарту міндеттін шешуде басты рөл ойнайды.

Ал жоғары нәтижелер спорты барынша жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылумен байланысты (әлемдік рекордтар, олимпиада ойындарында, әлем, құрлық чемпионаттарында және КР біріншіліктерінде). Дегенмен, спорттық нәтиже неғұрлым жоғары болған сайын, бұл нәтижеге жетушілердің саны да азаяды. Жоғары нәтижелер спортының қоғамдық қызметін іске асырудың да белгілі ерекшеліктері бар.

Жоғары спорттық нәтижелер үлкен қоғамдық резонанс туғызады және қандай мектепте сол спорттық даму деңгейі, әлемдік, халықаралық жарыстарға жоғары екендігі, әртүрлі елдер спортшылары мен спорт сүйер жанкүйерлер қауымының әртүрлі әлеуметтік орталарында байланыс орнатуға, сонымен бірге әртүрлі халықтар арасында тегіне қарамастан бейбітшілік пен достықты нығайтуға мүмкіндік жасайды. Спорттың экономикалық мәні спорттық қозғалыстың жалпы көпшіліктік сипат алуының арттырылуында, спорттық көріністерді еткізуедегі, оның сауықтыру тиімділігінің жақсаруында көрінеді. Спорт тек денені дамыту және спорттық жетілу үшін үлкен мүмкіндік туғызып қоймайды, сонымен бірге спорттың өзіне тарту күші дене және психикалық күштердің көрінуіне жоғары талап, адамның саналылығы мен рухани бейнесін жекелей бағытты тәрбиелеу үшін кен көлемдегі мүмкіндіктер туғызады. Тәрбиелік мақсатқа жетудін соңғы нәтижесі тек спорттың өзіне ғана емес, барлық тәрбие және даму жүйесінің әлеуметтік бағыттылығына да байланысты. Осындай бейнеде, спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері өзінен-өзі шешілмейді, спорт аясында жинақталған, тәрбиелік бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады.

Спорт әлеуметтік-педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттың кәсіби-колданбалы түрлерімен шұғылдану нәтижесінде енбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады.

Дене мәдениесті - қоғамдық құбылыс ретінде пайда болу, қалыптасуы және дамуы, құрылу ерекшеліктері мен қызмет ету жүйесі жайлы өзінің зандаудықтары бар ғылым. Бұл теорияны біліп, менгеру өскелен үрпаққа осы заманғы өмір талабы принциптеріне сай дене тәрбиесін журғизуге дұрыс бағыт береді. Бұл теорияны оқып, үйрену барысында келесі міндеттерді анықтап алу керек: денені тәрбиелеу жүйесінің пайда болу себептері, оның мәні және қоғам өмірінде алатын орны, дене



мәдениетінің тарихи даму сипаты, таптық қоғамдағы деңе тәрбиесінің мақсаты, қоғамның материалдық өмірі, еңбек қызметінің сипаты мен мазмұны, әскери іс, ғылымның жетістіктері, саясаттың ықпалы т.б. Бұл әсер етуші күштердің деңе мәдениетіне бір-бірінен белінбей, керсінше курделі, өзара қарым-қатынаста ықпал ететінін білу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне жатады. Деңе мәдениетінің мәнін түсіну үшін болашақ маман алдымен оның мағыналық мазмұнын анықтап алуы қажет. Деңе мәдениетіне тән қасиет қоғам өмірінде адамның деңе күштерін барлық уақытта өмірге қажетті арнайы қозғалыс дағыларын, жылдамдық, икемділік, төзімділік сияқты деңе сапаларын, әдіс-тәсіл шеберлігін дамыту үшін пайдаланып келген және пайдалана береді. Деңе мәдениетінің бұл мағыналық ерекшеліктері деңе тәрбиесіне салыстырмалы дербес тәрбие түрі ретінде білуге мүмкіндік береді [4].

Адам деңесін жетілдірудің жалпы занылыштарын ашу үшін жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар, физиология, биохимия, жалпы педагогика және спорттық педагогика, таңдаң алған спорт түрлері әдістемелері және т.б. пәндердің мәліметтері колданылады. Деңе мәдениеті теориясының жоғарыда аталған текстес пәндермен байланысын терен зерттеп, оқып, үйрену арқылы педагогика ғылымы бола түріп, оларды оқыту және тәрбиелеудің занылыштарын ашу үшін, жаратылыстану ғылымдарының мәліметтерін қандай мақсатта пайдаланатынын білген маңызды. Деңе тәрбиесі жүйесі қоғамның басқа экономика, мәдениет, саясат сияқты маңызды салаларымен тығыз байланыста.

Деңе мәдениеті проблемалары саласындағы ғылыми еңбектер зерттеудің ұғымдық аппаратын негіздеуге, ұғымдардың өзара байланысын, мәні мен мағынасын ашып көрсетуге, атқаратын функцияларына, принциптеріне жан-жақты сипаттама беруге, осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйелеуге мүмкіндік береді және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалайды.

Деңе мәдениеті жоғары оку орны студенттерінің кәсіби сапалары процесін теория мен практикада зерттеуде оған берілген анықтамаларды жүйеге келтіріп, педагогикалық мазмұнын ашып көрсетуге, құрылымдық компоненттері мен функцияларын анықтауға көмектеседі. Оқу-тәрбие процесінде студенттерді тәрбиелеу мақсатында жүргізілетін жұмыстар деңе шынықтыру және спорт мамандарының қажетті деңгейін айқындаиды. Деңе шынықтыру және спорт мамандарының білімін теориялық және практикалық қалыптастыруды жүзеге асырудағы даярлығы, жеке тұлғаның кәсіби сапасының бірі ретінде, мынадай компоненттердің бірлігін құрайды: мотивациялық, когнитивтік, эмоционалдық-еріктік, рефлексивтік.

Осы аталған компоненттердің жеткілікті дамуы мен занылышы, олардың тұтастық бірлігі деңе шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің кәсіби психологиялық-педагогикалық даярлығының нақты қалыптасқан дағдысын орната білу деңгейінін көрсеткіші болып саналады.

«Деңе шынықтыру және спорт мамандығы» деңгейін, дағыландыруға даярлығын зерттеуге алдын-ала кірісуге, студенттердің тиімділігін қамтамасыздандыратын кешенді, педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық шарттар - оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, студенттердің сабактар процесін жүзеге асыратын формалар мен әдістерді көрсетеді. Нәктырақ айтқанда: оқу процесінің мазмұны жалпы кәсіби мамандықтардың бағдарламаларына ендірумен анықталады.

Ұйымдастырушылық – осы процесті мақсатты бағыттылықта басқарумен, аудиториялық, аудиториядан тыс әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін пайдаланумен айқындалады. Әдістемелік-ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыздандырылады.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижесіндегі әрбір кезеңдердегі кесінділердің салыстырмалы сипаттамасы деңе шынықтыру және спорт мамандықтары студенттерінің жоғарыда аталған педагогикалық шарттарды колданумен қамтамасыздандырылатынын көрсетti.

#### **Әдебиеттер:**

1. Аманбаев Р.Р., Қалдыбаев М.К. Деңе тәрбиелеу мәдениеті және спорт ілімі мен методикасының түсініктері. - Алматы, 1992.
2. Оналбек Ж.К. Ұлттар арасындағы деңе тәрбиесі мен спорт. - Алматы: РБҚ, 1997.-126 6.
3. Қазақстан Республикасы білім министрлігінің 2015 жылға дейінгі даму бағдарламасы. // Білім және ғылым хабаршысы – Алматы: ҚР білім және ғылым министрлігі, 2004, № 1
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасында 1996-2000 жылдар аралығында бұқаралық спортты дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы» 1996ж. 19 желтоқсан №3276.